

ФИЛОЛОГИЯ

ӘОЖ 81:001.4; МҒТАР 16.01.33

<https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.01>Г.С. САҒИДОЛДА¹, Г.А. ӘБДИМӘУЛЕН²✉¹филология ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: gsagidolda63@mail.ru²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: abdimaulen.gulmira@yandex.ru**“БАС” КОМПОНЕНТТІ СОМАТИКАЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ
ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ
(түркі (қазақ, татар, башқұрт) және ағылшын тілдері негізінде)**

Аңдатпа. Ғылыми мақаланың негізгі мақсаты – заманауи ғылыми зерттеудің антропоцентрилік парадигмасы «тілдегі адам факторын» антропологиялық ұстаным ретінде басшылыққа алып, «тіл – адам баласына тән конститутивтік қасиет» тұжырымдамасын тіл болмысын зерттеу, «тіл және адам, тіл мен әлем» бірлігінің біртұтас теориясын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық тұғырын қалыптастыру. Осыған орай, лингвомәдениеттанымдық бағыттағы зерттеулерде тіл бірліктерін «Адамтану – Тіл – Әлемтану» үштігі аралық күрделі байланыстың табиғатын ашуға жетелейтін «тілдік код» тұрғысынан қарастыру мақаланың негізгі бағыты мен маңыздылығы болып табылады. Авторлар қазақ, татар, башқұрт және ағылшын халықтарының дүние-әлемді көруі мен тануы, түсінуі мен түйсінуі, сонымен қатар мәдени дәстүрлер контексіндегі образдар мен эталондар, стереотиптер мен символдар әлемі тілде көрініс тауып, тіл бірліктерінің мағыналық-мазмұндық астарында аялық білім түрінде бекуіне ерекше назар аударады. Мақалада «бас» компонентті соматикалық фразеологизмдерге лингвомәдениеттанымдық аспектіде талдау жасалады. Олардың образды ойлау жүйелеріндегі, әлемді тану әрекеттеріндегі, өмірлік іс-тәжірибелеріндегі, салт-саналарындағы ұқсастықтар және өзіндік ерекшеліктерін суреттейтін фразеологиялық бірліктер мақала материалдары ретінде берілген. «Адамтану – Тіл – Әлемтану» арасындағы қатыстылық пен тілдің фразеологиялық қорының мазмұндық өрісіне анализ жасалады. Мұнда соматикалық фразеологизмдерді тілдераралық деңгейде салыстыра-салғастыра талдау сияқты әдістер қолданылады.

Зерттеу нәтижелері әртүрлі тілдерде берілген соматикалық фразеологизмдердің мағыналық-мазмұндық құрылымында адамның өзін-өзі тануы және өзі арқылы дүниедегі басқа да объектілерді жетік білуге деген талпынысынан туындаған архаикалық білім қорынан жинақталады. Туыстас және туыс емес тілдер арасында мәдениетаралық,

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Сағидолда Г.С., Әбдимәулен Г.А. “Бас” компонентті соматикалық фразеологизмдердің лингвомәдени сипаты (түркі (қазақ, татар, башқұрт) және ағылшын тілдері негізінде) // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №1 (127). – Б. 7–21. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.01>

***Cite us correctly:**

Sagidolda G.S., Abdimaulen G.A. “Bas” komponentti somatikalyq frazeologizmderdin lingvomadeni sipaty (turki (qazaq, tatar, bashqurt) jane agylshyn tilderi negizinde) [Linguoculturological Character of Somatic Phraseological Units with the “Head” Component (based on Turkic (Kazakh, Tatar, Bashkir) and English)] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №1(127). – B. 7–21. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.01>

этносаралық қатынасты жүзеге асыруға ықпал ететін ұлттық-мәдени ерекшеліктерді зерттеу жұмыстың практикалық құндылығы болып табылады.

Жұмыс қорытындысында «Бас» компонентті соматизмдер топтарға бөлінді және қолданылған фразеологизмдер арқылы түркі тілдері мен ағылшын тілінде «бас» сөзінің қолданылу жолдары мен мағыналық ерекшеліктерінде ұқсастықтардың өте көп екендігі анықталды. Атап айтқанда, түркі тілдерінің өзара ұқсастықтары олардың өмір сүру үрдісі, ортақ мәдениетіне байланысты болса, ал туыс емес түркі және ағылшын тілдерінде қолданылған фразеологизмдер арқылы кез келген халықта «бастың» атқаратын қызметі бірдей дәрежеде екендігінің дәлелі көрінеді.

Кілт сөздер: мәдениет, салт-дәстүр, тілдік жүйе, фразеологизмдер, терминдер, идиом, фраза, түркі тілдері.

G.S. Sagidolda¹, G.A. Abdimaulen²

¹Doctor of Philological Sciences, Professor

L.N. Gumilyov Eurasian National University

(Kazakhstan, Astana), e-mail: gsagodolda63@mail.ru

²PhD Doctoral Student of L.N. Gumilyov Eurasian National University

(Kazakhstan, Astana), e-mail: abdimaulen.gulmira@yandex.ru

Linguoculturological Character of Somatic Phraseological Units with the “Head” Component (based on Turkic (Kazakh, Tatar, Bashkir) and English)

Abstract. The aim of the work is to be guided by the anthropological position of «the human factor in language» in the anthropocentric paradigm of modern scientific research, the study of the concept of «language is a constitutional property of a person» through language, the formation of a holistic theory and theoretical and methodological form of unity of «language and man, language and the world». In this regard, the main focus and significance of the article is to consider the language from the point of view of the «language code» through the triad «human studies – language – World Studies». The authors pay special attention to the vision and cognition of the world, understanding and perception of the world by the Kazakh, Tatar, Bashkir and English peoples, as well as to ensure that the world of images and standards, stereotypes and symbols in the context of cultural traditions is reflected in the language and fixed in the meaningful subtext of language units in the form of background knowledge. The article analyzes the somatic phraseology of the «head» component in the linguistic and cultural aspect. Through them, the similarities and identities of the representatives in the systems of figurative thinking, attempts to know the world, life experience, customs and consciousness are revealed and were used as the material of the article. The analysis of the content of phraseological units related to the triad «Humanity – Language – World Science» has been carried out. The article uses the method of comparing somatic phraseological units at the inter-lingual level.

The results of the study – in the semantic and substantive structure of somatic phraseology, presented in different languages, an archaic knowledge base is accumulated, which is caused by a person's self-awareness and the desire to thoroughly know other objects in the world through himself. The practical value of the work is the study of national and cultural features that contribute to the implementation of intercultural, interethnic communication between related and non-related languages.

In the conclusion of the work, the somatism «head» is divided into several categories. The phrases used in Turkic and English languages reveal a lot of similarities in the ways and semantic features of the word «head». In particular, if the similarities between the Turkic languages say that their tendency to exist is due to a common culture, the phraseology used in unrelated Turkic and English languages shows evidence that the function of the «head» in any people is to the same extent.

Keywords: culture, traditions, language system, phraseology, term, idiom, phrase, Turkic languages.

Г.С. Сагидолда¹, Г.А. Абдимаулен²

¹доктор филологических наук, профессор

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Астана), e-mail: gsagidolda@mail.ru*

*²PhD докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Астана), e-mail: abdimaulen.gulmira@yandex.ru*

Лингвокультурологический характер соматических фразеологизмов с компонентом “голова”

(на основе тюркского (казахского, татарского, башкирского) и английского языков)

Аннотация. Целью работы является ориентирование на антропологическую позицию «человеческий фактор в языке» в антропоцентрической парадигме современных научных исследований, изучение концепции «язык – конституционное свойство человека» через язык, формирование целостной теории и теоретико-методологической формы о единстве «Языка и человека, языка и мира». В этой связи, основным направлением и значением статьи является рассмотрение единиц языка в лингвокультурологических исследованиях с точки зрения «языкового кода», ведущего к раскрытию природы сложнейшей связи между триадой «Человековедение – Язык – Мироведение». Авторы обращают особое внимание на видение и познание мира, понимание и восприятие мира казахским, татарским, башкирским и английским народами, а также на то, чтобы мир образов и эталонов, стереотипов и символов в контексте культурных традиций отражался в языке и закреплялся в содержательном подтексте языковых единиц в виде фоновых знаний. Проведен анализ содержания фразеологизмов, относящихся к триаде «Человековедение – Язык – Мироведение». В статье используется метод сравнения соматических фразеологизмов на межъязыковом уровне. В семантической структуре соматических фразеологизмов накапливается запас архаических знаний, необходимых человеку для самопознания и познания через себя других объектов мира. Следовательно, их мотивационная основа, образно-фондовая основа и смысл неразрывно связаны с культурными стандартами и стереотипами, отражающими национальные особенности восприятия и видения, национальные особенности образного восприятия и познания родного языка.

В семантической структуре соматических фразеологических единиц накапливается запас архаичных знаний, необходимых человеку для самопознания и познания через себя других объектов мира. Следовательно, их мотивационная основа, образно-фондовая основа и значение неразрывно связаны с культурными стандартами и стереотипами, отражающими национальные особенности восприятия и видения, национальные особенности образного восприятия и знания родного языка. Практическая ценность работы заключается в изучении национально-культурных особенностей, способствующих внедрению и расширению межкультурных, межэтнических отношений между родными и неродными языками.

В заключении работы соматизм «Голова» подразделяется на несколько категорий и используемые по ним фразеологизмы определяют большое количество сходств в способах употребления и смысловых особенностях слова «Голова» в тюркских и английских языках. Кроме того, установлено, что «Голова» является наиболее уважаемым органом человека и выполняемая им функция не зависит от национальности, вероисповедания, пола, языка человека.

Ключевые слова: культура, традиция, языковая система, фразеология, термин, идиома, фраза, тюркские языки.

Кіріспе

Кез келген тілдің фразеологиялық қорында адам және жан-жануарлардың дене мүшелерінің атаулары ұйытқы болған, яғни соматизмдердің қатысуы арқылы жасалған соматикалық фразеологизмдер мол кездеседі. Оның басты себебін адам баласының кеңістіктегі бағыт-бағдарын ажырату үшін, сондай-ақ өзін қоршаған әлемнің парқын танып, бағамдау үшін, әлемдегі сан алуан құбылыстарға тиісті бағасын беріп, ондағы өз орнын анықтау үшін салыстырудың негізіне өзінің дене мүшесін таңдағанымен түсіндіруге болады. Мағынасы терең, ойды дәл жеткізетін қысқа ғана сөзбен жасалатын фразеологизмдерге деген қызығушылықты арттыру бүгінгі тілді оқытудың маңызды мәселесі болмақ. Осы тұрғыдан алғанда олар тек лингвистика саласының ғана емес, оның құрамынан әлеуметтану, психология, философия, саясаттану, мәдениеттану, әдебиет, тарих сияқты ғылымдардың қатысы бар екенін көре аламыз. Фразеологизмдерді осы сияқты топтасқан ғылым салаларының көмегімен зерттегенде, оның көптеген құпия сырлары ашылады.

Түркі фразеологиясының негізі ХХ ғасырдың 40–50-жылдары қаланды. Содан бергі уақыт аралығында жекелеген түркі тілдерінің фразеологиясының теориялық және қолданбалы мәселелері бойынша көптеген зерттеулер жарық көріп, бір түркі тілдерінің фразеологиясы дербес салаға айналды. Мәселен, қыпшақ тобын құрайтын тілдерден қазақ фразеологиясы бойынша І. Кеңесбаев, Ә.Т. Қайдаров, Р. Сыздықова, Ғ.Қ. Қалиев, Ө. Айтбаев, Ә. Болғанбаев, Н. Уәлиев, С. Сәтенова, Г. Смағұлова, Г. Сағидолда, Р. Авакова, т.б., башқұрт тілінің фразеологиясы бойынша Д.Г. Киекбаев, Х. Юсупов, З.Г. Ураксин, Э.Ф. Ишбердин, З.М. Раемгужина, татар фразеологиясы бойынша Л.К. Байрамова, Г. Ахунжанов, Г.Х. Әхәтов, Г. Садыкова, Н. Исәнбет, Ф.С. Сафиуллина, Г. Юсупов, т.б., қарақалпақ фразеологиясы бойынша Д.С. Насыров, С. Наурызбаева, Г.Б. Айназарова, т.б., құмық фразеологиясы бойынша К.Х. Даибова, А.З. Абдуллаева, т.б., қарашай-балқар тілдері фразеологиясы бойынша С.М. Хуболов, З.А. Лайпанова, т.б. ғалымдардың зерттеулерінде тұрақты сөз тіркестерінің релеванттық қасиетін белгілеу, фразеологиялық бірліктерін іштей саралап бөлу, фразеологиялық мағынаның қалыптасуы, фразеологизмдердің құрам сипаты және компоненттердің байланысу түрлері, фразеологизмдердің стильдік ерекшеліктері, фразеологизмдердің сөзден және мақал-мәтелдерден айырмашылығы мен ұқсас тұстары, фразеологизмнің грамматикалық көрінісі, бірнеше фразеологизмдердің жасалуына арқау болатын ұйтқы сөздер, фразеологиялық калька, фразеологизмдердің ұлттық сипаты сияқты көптеген мәселелер сөз болды.

ХХ ғасырдың 70-жылдарынан бастап түркі фразеологиясында салыстырмалы бағыт бойынша зерттеулер қолға алына бастады. Осы бағытта жарық көрген Г.А. Байрамова, К.М. Мусаев, З.Г. Ураксин, Г.Ч. Махмудова, А.З. Абдуллаева, Н.И. Якимова, т.б. фразеолог ғалымдардың зерттеулерінде түркі тілдері арасындағы тіларалық фразеологиялық сәйкестіктер мәселесіне назар аударылады. Мәселен, башқұрт ғалымы З.Г. Ураксин түркі тілдеріндегі фразеологизмдерді: 1) алыс туыстас тілдердегі ортақ фразеологизмдер тобы; 2) жақын туыстас тілдердегі, оның ішінде башқұрт тілі енетін қыпшақ тілдері тобының фразеологизмдері деп жіктейді. З.Г. Ураксин башқұрт, түркімен, көне түркі және якут тілдерін алыс туыстық қатынастағы түркі тілдері деп көрсете отырып, оларда негізінен басқа топтарға қарағанда соматикалық фразеологизмдерде сәйкестіктер көбірек орын алатынын айтады. Ал, жақын туыс тілдер ретінде түркі тілдерінің қыпшақ тобын құрайтын башқұрт, татар, қарақалпақ, қазақ, құмық, қарашай-балқар, қырғыз, ноғай тілдерін көрсетеді. Бұл тілдерде тұлғалық және мағыналық тұрғыдан толық сәйкес келетін фразеологизмдердің мол кездесетініне қарамастан, айырмашылықтар да жоқ емес екенін айтады. Мысалы, «жақын жер» деген мағынада башқұрт тілінде «морон төбөнде», татар тілінде «борон төбөндә» деп келсе, қазақ тілінде «иек астында», қарақалпақ тілінде «йиек астында» түрінде кездесетіні көрсетіледі [1, 25-б.].

XX ғасырдың 90-жылдарынан түркі фразеологиясында жекелеген түркі тілдері фразеологизмдерін орыс, ағылшын, неміс сияқты болмыс-бітімі, құрылымы бөтен тілдердің фразеологизмдерімен тіларалық деңгейде салғастыруға назар аударыла бастады. Бұл бағыттағы зерттеулерде тіларалық фразеологиялық сәйкестіктерді анықтау және олардың қалыптасу тәсілдерін зерделеу, интернационалдық фразеологиялық қорды анықтау және оларды тудырушы факторларды айқындау, салғастырылушы тілдер фразеологиясындағы ұқсас тұстар мен өзіндік ерекшеліктерді саралау, т.б. мәселелер көтерілді.

XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап түркі фразеологиясында лингвистикалық зерттеудің антропоцентристік парадигмасы үстемдік ете бастады. Лингвистикалық зерттеудің антропоцентристік парадигмасы тілді сол тіл қызмет ететін қоғаммен, әлеуметтік ортамен, тіл иесі – халықтың сан ғасырлық тарихымен, таным әлемімен, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан өмірлік тәжірибесімен, рухани болмыс-бітімімен, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымен байланыстыра қарастыруды діттейтін тіл біліміндегі ауқымы кең зерттеулерге жол ашып, нақты ғылыми жетістіктерге қол жеткізді.

Әлемдік проблемалардың жаһандануы, мұнда әртүрлі халықтардың сан алуан мәселелерді шешудегі әмбебаптық және өзіндік ерекшелігін ескеру, мәдениетаралық түсініспеушілікке жол беретін жағдаяттардың алдын алу қажеттілігі, коммуникативтік әрекеттің негізінде жататын мәдени құндылықтардың нақты мәнін айқындаудың қажеттілігі лингвомәдениеттану бағытындағы зерттеулердің өзектілігін айқындайды. Бұл бағыттағы зерттеулерде негізінен «Табиғат – Қоғам – Тіл», «Қоғам – Тіл – Адам», «Адам – Тіл – Мәдениет» және т.б. триадалардың тағандары арасындағы тығыз байланыстың табиғатын ашу мәселесі көтеріліп, тіл бірліктері сол тілде сөйлейтін халықтың ғасырлар бойы жинақтаған білім қорына жетелейтін «тілдік және этномәдени код» тұрғысынан зерделенеді.

Тіл бірліктерінің арасында фразеологизмдердің «тілдік және мәдени код» қызметін атқару әлеуеті ерекше. Себебі фразеологизмдердің мағыналық-мазмұндық өрісі тіл иесінің аялық білімімен, тілдік тұлғаның практикалық тәжірибесімен, халықтың тарихи-мәдени дәстүрімен тығыз байланысып жатады. Тілдік таңбаның ерекше түрі болып табылатын фразеологиялық бірліктерде ұлттың мәдениеті, ауыз әдебиеті, діни философиясы, салт-дәстүлері, әдет-ғұрыптары, мифологиялық дүниетанымының іздері жатады [2, 94-б.].

Зерттеу әдістері мен материалдары

Тіл туралы ғылым дамуының қазіргі деңгейінде тілдерді салыстырмалы-тарихи, салғастырмалы және типологиялық тұрғыдан зерттеуге байланысты: 1) туыс тілдердегі ортақ тұстарды тарихи диахрондық аспектіде қарастыратын салыстырмалы-тарихи тіл білімі; 2) бір немесе әртүрлі тілдік семьяға, тілдік топтар мен топшаларға жататын көптеген тілдердің типологиялық ерекшеліктерін анықтауды және сипаттауды көздейтін типологиялық тіл білімі; 3) туыстық деңгейінің алыс-жақындығына, немесе шығу тегінің мүлдем өзгешелігіне қарамастан екі немесе одан да көп тілдердегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды зерттейтін салғастырмалы тіл білімі; 4) туыс тілдерді негізінен синхрондық тұрғыдан зерттейтін салыстырмалы тіл білімі деп жіктеу орныққан бөлініс болып саналады.

Зерттеу барысында түркі тілдерінің ішінде ең жақын туыстас тілдер саналатын қазақ, башқұрт, татар тілдеріндегі соматикалық фразеологизмдер өзара тұлғалық және мағыналық-мазмұндық тұрғыдан бірізділік жүйесін басшылыққа ала отырып салыстырылды. Мұнда синхронды-салыстырмалы сипаттау әдісіне басымдылық берілді. Ал, түркі (қазақ, башқұрт, татар) және ағылшын тілдеріндегі соматикалық фразеологизмдерді қоя отырып, лингвомәдениеттанымдық аспектіде синхронды сипаттауда салғастырмалы әдіске ден қойылды. Сонымен, лексика-семантикалық анализдеу, синтездеу тәсілдері де кеңінен қолданылды.

Тілдік фактологиялық материалдар түркі және ағылшын лексикографиялары бойынша әр жылдары жарық көрген сөздіктерден теріліп алынды. Атап айтқанда, қазақ, башқұрт,

татар тілдері бойынша: «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздіктері» (1974–1986), «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» (1977), «Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік» (1988), «Татар теленең аңлатмалы сүзлеге» (2005), «Татар теленең фразеологиясе, мөкәль һәм әйтәмнәре» (1957), «Татар теленең идиомалары» (1972), «Татар теленең аңлатмалы сүзлеге» 3 том (1959, 1963, 1967), «Татар теленең аңлатмалы сүзлеге» 3 том (1981), «Татарско-русский фразеологический словарь» (2001), «Татар теленең аңлатмалы сүзлеге» 3 том, «Русско-башкирский словарь» (1964), «Русско-башкирский словарь» 2 том (1993-1994), «Русско-башкирский словарь» 1 том (2005), «Толковый словарь современного башкирского литературного языка» (2004), «Башкирско-русский фразеологический словарь» (1973), «Русско-башкирский фразеологический словарь» (1989). Ағылшын тілі бойынша: «Ағылшынша-қазақша фразеологиялық сөздік» (2000), «Англо-русский фразеологический словарь» 2 том (1967), «Краткий русско-английский фразеологический словарь» (1988), «Cambridge International Dictionary of Idioms» (2002).

Барлық тілдерде дене мүшелері атауларымен жасалған фразеологизмдер өте көп. Осы тұста қазақ тілі фразеологизмдері туралы ғалым І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігіндегі» [3] он мыңнан астам фразеологизмнің 630-ы соматизмді фразеологизмдер құрайды десе, П. Смит «Фразеология английского языка» атты еңбегінде «Сердцем идиоматической речи является две категории идиомов, тесно связанные друг с другом. Источник первой группы это не что иное, как человеческое тело. Названия почти всех частей тела и многих внутренних органов окружены целыми созвездиями выразительных идиомов и ярких метафор» [4, 150-б.] деген оймен қорытады.

Түркі тілдеріндегі дене мүшелерінің атаулары жалпытүркілік сипатымен ерекше көзге түседі. Оның себебі олардың өте көне замандардан қалыптасқандығымен байланысты болса керек. Дене мүшелері атауларының фразеологизмдерге ұйытқы болудағы, жалпы сөзжасамдағы ерекше өнімділігін олардың лексиканың көнеден сақталған төл қабатынан орын алуымен байланыстырады: «Слова называющие части человеческого тела, относятся к древнейшим пластам лексики языка. А как известно, чем больше возраст слова в языке, тем шире его семантическая структура, тем больше у него возникает новых значений, следовательно, тем больше у такого слова возможностей образования фразеологических единиц связано с развитием полисемии» [5].

Түркі тілдерінің дене мүшелерінің атауларының фразеологизмдердің жасалуына ұйытқы болу дәрежесі түрліше екендігін байқалады. Мысалы бас, бет, жүрек, көз, қас, қол, аяқ, құлақ, мұрын сөздері көптеген фразеологизмдерге негіз болса, бірқатар дене мүшелерінде ондай активтік байқалмайды. Мұндай айырмашылық дене мүшелері қызметінің адам үшін активтігімен байланысты болса керек. «Конечно, физиологически бесполезных частей тела нет, однако человечество в истории своего развития разделяет их на первостепенные и второстепенные. Далее как показали наш анализ, названия наружных частей тела более активны в образовании, чем внутренних» [5].

Қыпшақ тобына енетін қазақ, татар, башқұрт тілдерінде соматикалық фразеологизмдердегі негізгі айырмашылықтар негізінен дене мүшелері атауларының семантикалық даму нәтижесіндегі өзгерістерімен байланысты болып келеді (саусак, бармақ, мұрын, танау, желке, иық, аяқ, бұт, т.б.) [5]. Қазақ тіліндегі соматикалық фразеологизмдерді зерттеген Д.К. Уызбаева «... тілімізде өз атауын тапқан «үлкенді-кішілі дене мүшелерінің жалпы саны 500-ден асады екен» деп көрсетеді. Өз зерттеуінде ол соның тек 83 атауын ғана таңдап алып, солардан туындаған 1000 фразеологизмдерді талдайды [6]. Ә. Қайдаров тек қазақ тілінде адамның дене мүшелері мен ішкі ағзаларына байланысты 500-ден астам атау барын атай келе, сол атаулардан туындаған сан алуан ұғымдарды жүйелеп, олардың мән-мағынасын ашып, ішкі мазмұнын індете зерттеудің маңызын «тілдің этнос болмысын айқындаушы әлеуетін, потенциялық мүмкіндігін тануға және танытуға, сондай-ақ «тіл әлемінде» жинақталып, сақталған ауқымды да информативті байлыққа қол жеткізуге

болады» [7, 22–26-бб.]. Қазақ тіліндегі соматикалық фразеологизмдердің бойындағы ұлттық дүниетанымның көріністері Ж.К. Өмірәлиеваның еңбегінде қарастырылады. И. Ибрагимованың еңбегінде татар тілінің соматикалық фразеологизмдері ағылшын тілінің материалымен салыстырылып зерттеледі.

Ағылшын фразеологиясындағы соматикалық фразеологизмдерді салыстырмалы және салғастырмалы бағытта зерттеген ғалымдардың тұжырымдарына тоқталар болсақ, Дж. Лакофф «Біз өмір сүретін метафоралар» атты еңбегінде «...ұлттық мәдени ерекшеліктерді орнатуда соматикалық фразеологизмдер ерекше рол атқарады. Барлық халықтар үшін соматикалық органдар универсалды функциялармен бекітілген, сондықтан әртүрлі тілдердегі эмоциялар «дене эмоциялар қоймасы» моделі ретінде сипатталады». Сонымен қатар, Ю.А. Долгополов орыс, ағылшын және неміс тілдерінің соматикалық фразеологиясын талдаса, М.Н. Азимова тәжік және ағылшын тілдерінің соматикалық лексикасы мен фразеологиясын бір-бірімен салыстырып, ерекшеліктерін анықтаған, Н. Федуленкова неміс, ағылшын және швед тілдерінің соматикалық фразеологизмдеріндегі жалпы және нақты ерекшеліктерді қамтыған, А.А. Султангубиева «жүрек» концептінің қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде көрініс табуының сипатын зерттеген, Д.М. Киреева ағылшын және орыс тілдерінде «head/голова» концептосфераның метафоралық қайта түсіндірілуін қарастырған, Э.М. Яралиева лезгин және ағылшын тілдеріндегі «руki/heart» соматизмдерінің семантикалық өрісін зерттесе, ал А.В. Гандалоева ингуш және ағылшын тілдері фразеологиялық бірліктеріндегі «бас» және «жүрек» ұғымдарының тілдік нысандану мәселесін зерттеген.

Талдау мен нәтижелер

Ф. Соссюр, В. Штейнталь, Э. Сепир, Б. Уорф, Л. Вайсбергер зерттеулерінде көрініс тапқан «әр халықтың танымдық ерекшелігі оның тілінің табиғатынан туындайтындығы», «тіл тарихилығы мен мәдениет тарихы жапсарлас дамидыны», «адам баласының образды ойлауы, дүниені тануы тіл құрылысымен тығыз байланысып жататыны» туралы пікірлер, сонымен қатар Ф.И. Буслаев, А.Н. Афанасьев, А.А. Потеня, Р. Якобсон, т.б. орыс ғалымдарының тілдің конструктивтік рөлі және оның халықтық мәдениетті, халықтық психологияны, халықтың мифологиялық таным-түсініктерін қалыптастыруға ықпалын тигізуге арналған іргелі зерттеулері посткеңестік кеңістікте антропологистикалық ізденістердің ғылыми іргетасы етілуде.

«Адам бейнесін» екі топқа, яғни «ішкі адам» және «сыртқы адам» деп бөлді. «Ішкі адам» бейнесінің көптеген қырлары лингвоантропологиялық және лингво-мәдениет-танымдық аспектілерде тереңірек зерттелуде. Осы тұста Л.Б. Никитина зерттеулерінде адамның интеллектуалдық өрісі сөз етілсе, оны қалыптастыратын менталдық деңгейдегі әрекет, әсер мен сезім-күй мәселелерін В.Ю. Апресян, Ю.Д. Апресян және В.Г. Гак зерттеулеріне арқау етеді. Сонымен қатар, адамның интеллектуалдық әрекетінің заттық емес нәтижелері Н.Д. Арутюнованың еңбегінде, адамның эмоциясы мен сезімінің лексика-семантикалық топтар мен өрістегі көрінісі туралы Н.Д. Арутюнова, Л.Г. Бабенко, Н.Д. Арутюнова, О.Н. Емельянова еңбектерінде, адамның эмоциялық, интеллектуалдық, уәждемелі-қажеттілік жүйесі Ю.Д. Апресян мен Қ. Жаманбаеваның еңбектерінде, адамның ішкі жан дүниесінің тілдік бейнелері Е.В. Урысон, А.Д. Шмелев еңбектерінде, адамның ішкі сезім жағдайының сыртқы симптоматикасы туралы В.Ю. Апресян, Ю.Д. Апресян мен Е.М. Верещагин еңбектерінде, адамның психикалық әлемінің концептері мен фреймдерінің тілдік интерпретациясы туралы А.Д. Шмелев, О.В. Коротун және М.П. Одинцова еңбектерінде «адам және оның ішкі әлеміне» қатысты мәселелер зерттеудің нысанына алынып, жан-жақты қарастырылып, зерттелуде. Сонымен қатар, тілдегі адам бейнесін тіларалық деңгейде салыстырмалы зерттеулердің де нысанына алынып, жеке тұлғаның рухани өмірінің басты концептілерін орыс және ағылшын тілдерінде М.В. Пименова,

Е.А. Пименова, Н.Р. Афанасьева, орыс және француз тілдерінде Е.Н. Белая, ағылшын, неміс және орыс тілдерінде Е.Б. Яковенко зерттеп, аталған тілдер бойынша талдау жұмыстары кең өріс алуға.

Адам феноменінің тілдегі көрінісі, яғни тілдегі адам образын ашу мәтін немесе мәтіннің негізін құрушы сөздің мағыналық астарына үңілуді міндеттейді. Осы тұста, В.В. Налимов пен Р.Ф. Сыздықованың «Адам табиғаты тіл табиғаты негізінде, ал тіл арқылы адами қарым-қатынастар жүзеге асырылады» деген ұстанымы негізге алынып, Ю.Е. Стемковскаяның «адам образы сөзде, лексикалық жүйеде клише түрінде қалыптасқан және белгіленген «дайын қалыптағы мәтін» тұрғысынан зерделенеді. Ал, Ю.А. Сорокин сөз мағынасы тілдік/вербальдік және заттық нысанда болатынын, заттық мағына перцептивтік образда негізделетінін, тілде заттық мағынаның материалдық «сыртқы» тұрпаты мен санада сәулеленетін «ішкі» тұрпатының екеуі де көрініс беретінін айтады. Демек, тілдегі адам бейнесін сомдайтын тілдік модельдерді, мәтінді құрайтын сөз мағыналарының коннотативтік-эмотивтік және сигнификативтік-пайымдық деңгейлері тоғысынан қарастыру барысында соматологиялық өрістегі адамның «ішкі» және «сыртқы» әлемінің үйлесімі танылады деп Г. Сағидолла қорытады.

Адамның тілдік бейнесін сомдауда «сыртқы адам» «ішкі адамға» қарама-қарсы қойылады немесе өзара тығыз байланыста болады. Негізінен философиялық категория болып саналатын «сыртқы» және «ішкі» ұғымдарының өзара тығыз байланысын ескере отырып, Н.Д. Арутюнова: «адамның ішкі әлемі материалдық сыртқы әлемінің үлгісімен моделденеді деген пікірін білдіреді.

Г. Смағұлова «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері» атты еңбегінде адам тұла бойын «жоғары әлемдік», «ортаңғы әлемдік» және «төменгі әлемдік» деген үштікке бөліп қарастырды. Олар иерахиялық сатылық жүйеге бағындырылған үштік жіктелісі тілдік жүйеде соматикалық фразеологизмдердің синонимдік қатарында бой көрсететін «мотивацияның, образдылықтың дәрежеленуі (градация) мен тілдік экспрессияның біртіндеп күшеюіне» әсер етеді [8].

«Жоғары әлемділік» сатыға жататын адам мүшелерінің бірі – «бас» сөзіне қатысты кез-келген тілде фразеологиялық тіркестер өте көп. «Бас» – «жоғарғы» интеллектуалдық-рухани әлемнің тіні. «Бас» – адамның ең жоғары жағында орналасқан дене мүшесі. Адамның ақыл-ойын, қимыл-әрекетін, сана-сезімін басқаратын ми орналасқан «қойма» болғандықтан, бас соматизмі кез келген тілде менталдық мағына арқалайды деген П.М. Аркадьева. Сондықтан бас лексемасының ішкі құрылымында «адам болмысын, жаратылысын, ой-санасын «жоғары әлеммен» байланыстыратын құрал» деген семантикалық жүк арқалаған мифологема орын алады. Адам басы «шұңғыл ыдыс», «бір нәрсе жинақталатын орын, қойма», «қазына» сияқты «квазифизиологиялық» қосалқы сипаттамасы бар материалдық «ішкі әлем» органдарының бірі және маңыздысы ретінде көрініс береді.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «бас» сөзі адам мен жан-жануарлардың ауыз, көз, құлақ, ми орналасқан дене мүшесі десе, ал А.С. Вежбицкая ағылшын тілінде «head» сөзін «head – a part of person`s body; this part is above all the other parts of body: when a person thinks, something happens in this part» деп түсіндіреді. Ал, жалпы түркі тілдерінде «бас» сөзі ең көне түркі замандарынан бері келе жатқан, сөз жасамға негізгі қызмет атқаратын базалық топтағы сөздің бірі болып саналады. Адамның дене мүшелерінің ішінде ең жоғарыда, биікте тұратын дене мүшесінің атауы болып келетін «бас» сөзі түркі тілдерінің бәрінде де фразеологизмдер жасауға белсенді түрде қатысады. Осы тұста Д.Х. Базарова «При этом «вершина», «верхняя часть» чего-либо в них настолько абстрагировалась, что порой приходится прибегать к этимологическому анализу для того, чтобы обнаружить связь данного фразеологизма со значением «верхняя часть чего-либо» [5, 22-б.] деп қорытады.

Бас сөзі қазақ тілінде «бас», татар және башқұрт тілінде «баш» дыбыстық өзгерістермен, ал ағылшын тілінде «head» деп қолданылады. Дыбысталуы әртүрлі

болғанымен, мағынасында өзгеріс мүлдем жоқ. Аталған тілдердің барлығында «бас» сөзінің қатысымен жасалған фразеологизмдер өте мол қолданыста. Фразеологизмдерде «бас» сөзі адам, индивидуум ұғымымен теңестіріледі. Басты тілдік модел ретінде әртүрлі сипаттап, сөздегі қолданысына қарай бөлшектерге бөліп қарастыруға болады. Бас сөзін тілдік бейнеде сөйлету үшін оның бірнеше белгілері яғни, 1) бас – жоғарғы әлем белгісі, 2) бас – индивид белгісі, 3) бас – әлеуметтік орта белгісі, 4) бас – уақыт белгісі 5) бас-биологиялық белгі деп қарастырамыз.

Бас – жоғары әлем белгісі. Бас адамның ең жоғарыда тұратын бөлшегі. Сол себепті оны жоғарғы әлем тармағына жатқызамыз. Ғалым Г. Сағидолда: «Тәңірінің өзі жұп-жұмыр етіп жаратқаны да», «жоғарыдағы көк тәңірмен тілдесе алатын» да – бас. Бас – жерлік емес, «көк әлемнің дүниесі». Қазақтың діни танымы «адамның басы Алланың добы» деп бастың «Жаратқан Алланың меншік дүниесі» екендігін растайды. Адам қандайда бір қиын жағдайдан аман қалғанда «бастан құлақ садаға» деп бастың амандығына ризашылығын білдіреді. Халықтың мифтік нанымдарында бас киім адамды жоғары әлеммен байланыстырушы құрал деп есептеледі. Аты да затына сай келетін бас киім де киелі, қасиетті болып табылады. Бас киімді жерге тастаса, бастан бақ кетеді деп түсінген. Бас киімді адам басындағы баршылық пен бақтың «тұрағы, мекені» деп санаған. Сол себепті бас киімді тебуге, лақтыруға, теріс киюге, астына салып отыруға тыйым салған. Оны қастерлеп, жоғары ұстап, төріне ілген. Оны әртүрлі қауырсынмен, асыл тастармен безендірген. Сонымен қатар, қазақта шала туылған баланы тымаққа салып өсірген. Тымақ - бас киімнің теріден жасаған түрі. Ол бала үшін әрі жылы, әрі ұстауға ыңғайлы зат. Бала қанша күнге кем туылса, соншама күн тымақта ұстаған. Күн сайын керегенің (киіз үйдің бір бөлшегі) әр басына іліп, күнін санап отырған.

Қуану, шаттану сезімі де фразеологизмдердегі образдылыққа бас мүшенің қатысымен жасалады. Мысалы қазақша – «төбесі көкке жету», татарша – баш күккә тейеубаш белән, баш белән уйлау, баш белән эш итү, баш булу, баш булып йөрү (юл ярып йөрү), баш житү, башка чыгу, башланып китү, башлап жибәрү, башлап жибәрү өчен, башлы кеше, башны түбән ию, башы бар, башы күккә тию, башы түшәмгә тию [9], башқұрт тілінде – баш күккә тейеү, баш әйләнә, башка килеү болса [10], ал, ағылшын тілінде laugh one`s head off/ roaring one`s head of – қуану, ішек-сілесі қатқанша күлу/көзінен жас аққанша күлу/ қарқылдап күлу [11, 283-б.]; have one`s head in the clouds – төбесі көкке жету; heads I win, tails you lose – жеңу, төбесі көкке жету; give somebody his head (let somebody have his head) – бас бостандығын беру [12, 445–450-бб.]. Қазақ, татар және башқұрт тілдерінде “басы айналу, басынан күн, аяғынан ай туды, басынан құс ұшырмады» [3, 94-95,102-бб.] тіркесі қуану, қуаныштан басы айналу, рахаттану мағынасында қолданылады. Яғни, татар, башқұрт тілдерінде адамның аса қатты қуанған сәтіндегі көздегі ұшқынның, қуаныш отының пайда болатындығын қоса көрсетеді. Ағылшын тілінде «бас айналу» – run in one`s head – біреудің басын айналдыру [13, 781-б.] have one`s head full of bees – басы қиялға толы болу, бас айналу [12, 76-б.], to go to (turn) somebody`s head (to make somebody`s head spin) [14, 205-б.] біреудің басын айналдыру; somebody`s head goes round (spins); something makes somebody`s head go round (spin); something makes somebody dizzy (giddy) – бас айналу [14, 101-б.] тіркестерімен беріледі.

Қазақ тілінде «Бас» соматизмі адамның ең биік жетістігімен, оның өзін және басқаларды басқару қабілетімен ассоциацияланады. Соған байланысты ер адамның әлеуметтік контекстегі рөлі дүние бейнесінің номинативтік фрагментінде отағасы, қолбасы, елбасы тіркестерімен бекітіледі. Қазақ тіліндегі «бас болу, баскөз болу, бас көтерер адамы, басы қадірлі, басында дәурені тұрды» [3, 95–96, 102-бб.] тіркестері бір іске басшылық жасау мағынасында қолданылады. Дәл осы мағына ешбір құрылымдық өзгеріссіз басқа түркі тілдерінде де кездеседі. Мысалы татарда баш булу, башчылық итү [9], башқұртта баш булу, баш калкытыу, баш менән сумыу (тоғошлай бирелеу), башы бар, башы йоморо, баш менән,

ақыл менән (эшләу) [10]. Ағылшын тілінде two heads are better than one – бір бастан, екі бас жақсы; go to the fountain head – басшыға арқа сүйеу; make (raise) a head – қолбасшы болу; better be the head of a dog than the tail of a lion – арыстанның құйрығы болғанша, иттің басы болған артық – «өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол!»; wise head – ақылды, көшбасшы; have a good head for something – басы қатты істеу (ақылды болу); knock off somebody`s head – біреуді басып озу (ақылмен); to have a good head on your shoulders ‘to be clever’, ‘to get your head on your shoulders ‘to be clever’ – иығыңдаға бастың ақылды болғаны жақсы; to get your head around smth (inf.) ‘to be able to understand smth’ – бірнәрсені ұғыну үшін бас керек [12, 443–450-бб.].

Бас – индивид белгісі. Жер бетінде белгілі бір дене мүшесі жоқ адам болғанымен, басы жоқ жан мүлдем болмайды. Басы бар жанның ғана өмірі бар. Сол себепті адамның аманшылығы бас сөзімен бейнеленеді. Қазақ тілінде «басы аман – бауыры бүтін; бас аманның малы түгел; бас аман болса шаш өсер; бас аманда; бас аманын көкседі (ойлады); басқа сауға сұрады; бас сауғалады; басы бәледен босады» [3, 95–100-бб.] тіркестері уайымсыз, қайғысыз күндерді меңзейді. Ал енді кейбір фразеологизмдерде мағына ортақтығы сақтала отырып, құрылымдық жағынан өзгешеліктері байқалады. Мысалы, қазақ тіліндегі бір нәрсені құрту, жоқ қылу мағынасын беретін «түбіне жету» деген тіркес кейбір түркі тілдерінде «түп» сөзінің орнына «бас» сөзімен ауысып қолданылады. Яғни, қазақ тіліндегі «түбіне жету» татарша – башына житу, баш белән жабап бирү, баш исән булса (баш исәндә), баш исән чакта, башы эшли, башы юкбашын ашау, башын әйләндерү, башын бетерү, башына житү, башыннан бер чәч бөртеге төшсә, башыннан сыйпау, башыңны юкка авырттырма [9] болса, башқұрт тілінде – башын ашау, башына етеу, баш кисү; баш ашау, башына ету, башты юғалтыу, башка һыймай, баш менән яуап биреү, башында ел уйнай (еңел ақыллы), башын кыркыу, башка сығыу (иңерткес эсемлек тураһында), дыуамал баш; кызыу канлы (уйламай торғын, кызыу кеше), үз башына (үзенә зыянға низер эшләу), баш етмәй, башыңдан язырһың [10] түрінде қолданылады. Ағылшын тілінде fling (throw) oneself at somebody`s head немесе (at the head of somebody) [12, 443-б.] – масыл болу, басқа шығу; hang over somebody`s head – біреудің басына ауырлық салу; put a head on somebody – мойынсұну; lie on somebody`s head – бас ию (мойынсұну); stake one`s head on – мойынсұну (басын кесуге беру) [12, 444–449-бб.]; put one`s head into the lion`s mouth – бағыну (сау басына сақина тілеп алу) [11, 285-б.], bite somebody`s head off/ snap somebody`s head off – бас ұрғызды, себепсіз дүре соқты, жазықсыз зеку; bury one`s head in the sand – бас тартты, бас ұрғызды; beat somebody`s head – бас жару; make head against (bear or keep against) – бас тікті; cut (make) shorter by the head [12, 442–450-бб.] – басын кесті, тікті тіркестерімен беріледі.

Бас – әлеуметтік орта белгісі. Бұл белгіде «бас» сөзі өте көп жағдайда қолданылады. Оның мағыналық ауқымы жолы болмау, қорлық көрсету, қарсылық білдіру, тәуекел ету, жанын қинау, т.б тілдік моделдерде бейеленеді. Қазақ тілінде «басында дәурені тұрды», «басынан құсы кетпеді», «басына бұлт айналды», «басына күн туды», «басы бәлеге душар болды», «басына нәқта киді», «басын қақ жарды», «басын тауға да, тасқа да ұрды», «басын қоярға жер таппады» [3, 101–103-бб.] деген тіркестерден көреміз. Осы сияқты тіркестер түркі тілдерінде осы семантикалық мағынаны сақтай отырып, құрамдық жағынан түрліше қолданысымен назар аудартады. Мысалы, татар тілінде – башка атлану, башка утыру, баш алып качу, баш аркылы егу, баш бирмәү, баш қаңгырау, баш кату, баш тубал булу (томалану), баш түнү, баш чатнау, баш чуалу, баш эшләми, баш юғалту, башка атлану, башка бәрү, башка сыйдыра алмау, башка таяк белән суккандай, башмак булу, башны кая куярга белмәү, башны кисмәгә бирү, башны тилегә (юләргә, жүләргә), баштан чебен очыру, башы суккан якка чыгып китү, башын кую, башын салу, башын күзен әйләндерү, башымны муенымны кисәргә бирәм [9], башқұртша – башка менеү, баш ватыу, башына менеү, башын бутау, башында тороу, башын әйләндереу, башы эшлэй, баш түбән йөрөү, башты һалыу; һәләк булыу, башты кырмаға биреү, баш томалана, башты һалыу, башка кан йүгереү

(асыузан, ярһузан), башка һуғыу [10] түрінде қолданылады. Еңсесі түсті, жүні жығылды деген мағынаны қазақ тілінде «басын төмен салу», «бас болу», «бас-аяғы жоқ», «бас көтермеу», «бас-көз болу», «басы байлы», «басын айналдыру», «басы салбырады», «бас араздық», «бас білмейтін», «бас жарылса бөрік ішінде», «басқа тепті», «бастан бағын тайғызды», «бас терісі салбырады», «басы жерге түсті», «басы кеміді», «басына қайғы түсті», «басына қара жамылды» [3, 95–101-бб.]. Ал, ағылшын тілінде осы мағыналас тіркестер: hang (hang down) one`s head – үнжырғысы түсу, басы салбырау; get (have) the swelled head – менсінбеу (мұрын шүйіру); go about with one`s head in the air – паңдану, менсінбеу; a cool head or hot head – қызу қанды адам; cost somebody his head – басқа шығу; go to the fountain head (fountain-head) [12, 444–450-бб.] – бас-көз болу тіркестерімен беріледі.

Қазақ тіліндегі бағыну, мойынсұну мағынасында жұмсалатын «бас ию», «бас бермеді», «бас иді», «бас изеді», «бас көтертпеді», «басқа қысым түсті», «басқа түссе баспақшыл», «басқа түсті», «бас ұрғызды», «басы байланды», «басына әңгір таяқ орнатты», «басын шұлғыды» [3, 95–104-бб.] фразеологизмі татар тілінде - баш ию, баш бөгү, баш имәу, баш ию, баш ору, баш кагу [9], башқұрт тілінде – баш әйеу, баш әйзереу, башты әйеу, басыу (күнел төшөу), ахмак баш, баш һуккан якка (китеу, барыу), баштан үткәреу; хәтерге төшөрәу; иҫкә килтереу, башка күҫәк менән һуккандай булыу [10].

«Бас тікті; басын бәйгеге (өлімге) тікті; басы кетті; бас-көзіне қарамады; басымен жауап берді; басына бұлт айналды; басын ала қашты; басын кессе де шындықпен кетті; басын қақты; басын қоярға жер таппады; басын құдай кесті; басын құрбан қылды; басын шатты» [3, 95–101-бб.] тіркестері жанын пидә, құрбан етті, нар тәуекел етті деген мағына береді. «Бас ұрғызды; бас асауланды; бас көтере алмады; бас көтертпеді; басына бұлт айналды (төнді); басына қауіп-қатер туды; басына бәле жауды; басына ғаріпшілік (тарлық іс) түсті; басына зобалаң (күн, қиямет) туды; басына екіталай күн туды» [3, 95–101-бб.] тіркестері аяғына жықты, бағындырды, жалынды, жалбарынды деген мағына береді. «Басы айдауда – малы талауда; баса көктеді (баса-көктеп кірді); бас бермеді; бас-көз демей; басқа шауып төске өрледі; бас салды» [3, 94–98-бб.] тіркестері шапқыншылыққа ұшырау деген мағына береді. Бас сөзінің мағынасы басқа түркі тілдерінде де осы ұғым аясында көрінеді. «Бас көтеру; басын ашты; басын бақты» [3, 102-б.] тіркесі адамның қарсылық көрсетуі деген образды мәнде қолданылса, басқа түркі тілдерінде тура осы мағынада құрылымдық жағынан да ешбір өзгеріссіз қолданылады, татар тілінде баш күтәру, башқұртта баш күтәреу, (һез баштарығыззы күтәрә башланғызмы ни әле). Ағылшын тілінде де «бас» сөзіне қатысты фразеологиялық тіркестер кеңінен қолданылады, мысалы: beat one`s head about (with) something – бір-нәрсеге басы қатты; I`ll eat my head (hat or boots) – бағынып, басын беру; out of one`s own head – өз күшімен бас көтеру; lift up one`s head – бас көтеру (қайта рухын көтеру); lift up somebody`s head - бас көтеру (қуану); carry one`s head high – басты тік ұстау; head and shoulders above somebody - біреуден өз басын жоғары ұстау; get (have) the swelled head/ go about with one`s head in the air [12, 277–447-бб.] – көкірегін керу (мұрнын шүйіру); a head cook and a bottle-washer [11, 283-б.] – басы айдауда (түзге шықсам, ат ойнатар батырмын; үйге келсем, құрт қайнатар қатынмын); head over heels in work [11, 283-б.] – жұмысы басынан асу, басы тәуелді (жұмыс басты, ер жанышты); put one`s head in a noose / put one`s neck in a noose [11, 284-б.] – басын бәйгеге тігу (тәуелді болу, басын беру); have one`s head screwed on (the right way) [11, 282-б.] – ақыл тоқтату, оң солын тану (ақылы – азық, сөзі – сусын); to gear one`s (its ugly) head – сенімділікпен бас көтеру [14, 322-б.].

Бас – уақыт белгісі. Дүниенің тілдік бейнесінің соматикалық фразеологиялық фрагментінде адамның жалғыздығы салт басты, сабау қамшылы мағынасын «жалғыз басты кісі»; «басы бос (қалыңдық айттырмаған)», ал үйленіп, отағасына айналуы «бір басы екеу болды»; «басына бас қосылды»; «бас құрау»; «бір басын екі ету»; «бастан ерік кетті»; «басына үй (отау) тікті»; «басын жиды»; «бас қосты (құрды)»; «басы құралды (қосылды)»;

«басы байланды» [3, 97–103-бб.] деп көрнекі суреттеген. Дүниенің қарабайыр бейнесінде екіден көп бастардың қосындысы, бір топ адам деген идеяның негізіне алынып, «адамдар бір жерге жиналды, шоғырланды» деген мағынаны білдіретін «бастары түйісті; бастары қосылды; бас-аяғы жиналды; басы бірікті» [3, 95–104-бб.] соматикалық фразеологизмдерінің образын түзейді. Түркі тілдерінде «бас» сөзі дене мүшесі атауымен қатар жеке адам, субъект мағынасына теңестіріледі. Осы жағынан алып қарағанда адамзат баласының үйленіп, от басын құрауы да осы «бас» ұғымымен теңестіріледі. Мысалы, татар тілінде – башлы күзле булу, башка ут кабу, башлы күзле булу, башлы күзле итү (сәнәк көрәк кулдан китте) [9], башқұртша – башле-күзле булыу тіркесі «үйлену» мағынасында кездеседі. Башқұрт тілінде бұл тіркес «баш-аяклы булыу» «үйлену» мағынасында да қолданылады. Ал, татар тілінде осы «бас» және «көз» сөздерінің тіркесімен жасалған «баш-күз алу» тіркесі бір сәт тыныс алу, дем алу мағынасында қолданылады. Ағылшын тілінде бас құру, бір басын екі ету мағынасында қолданылатын тіркестер де бар, олар: *be head over heels in love/ head over ears in love* – өлердей ғашық болу, бас қосу; *to lose one's head* [11, 756-б.] – есінен айырылу (ғашықтықтан); *to make one's head go round* [11, 756-б.] – ғашықтықтан басы айналу; *go to one's head* – біреудің назарда (ойында) болу [12, 444-б.].

Түркі тілдерінде «бас» сөзінің қатысымен жасалған фразеологизмдерде ортақтық көп байқалады. Мысалы қазақ тіліндегі «бас ауырту; бас қату; бас қатыру; басы қазандай болу», яғни бір мәселе жайлы ойланып-толғану. Аталған сөз түркі тілдерінде лексика-семантикалық жағынан ешбір өзгеріссіз қолданылады. Бұл тіркес татар тілінде – баш авыру, баш катыу, баш вату, баш диңкету, баш калкытмыйча (күтәрми) эшләу, башны кытыру (қаңғырату), башны канат астына яшеру [9] және компоненттік өзгеріспен «баш вату» түрінде кездеседі. «Вату» сөзі бұл тілде сындыру, яғни қазақ тіліндегі «уату» сөзімен төркіндес екенін байқаймыз. Ал, башқұрт тілінде баш катыу (менең баш ката) компоненттік өзгеріспен баш қаңғыртыу, баш қасырыу, баштан сығарып ташлау, баштан сығыу, баштан сыккан, хәтерзә бөтөнләй һакланмаған, баштан сыкмай, баштан сыкмау, баштан үткәреу, башта тотоу (һаклау), башты бутау, башты эшләтеу, башка инмәй; мейегә һеңмәй, башына һеңдереу [10] деп қолданылады. Ағылшын тілінде де осы тектес фразеологизмдер мағынасын сақтай отырып қолданылады. Мысалы, «*not to know if (whether) one is (standing) on one's head or one's heels*» – басы қату; «*off one's head*» – бас қатыру; «*bang (hammer or knock) something into somebody's head*» – біреудің басын қатыру; «*a clear head*» – басы алтын; «*keep something in one's head*» – басында сақтау (миында сақтау); «*not right in one's head*» [12, 442–448-бб.] – бас ауырту; «*wash an ass's head or ears*» [13, 989-б.] – босқа бас қатыру; *comb somebody's head for him (comb somebody's head with a three-legged stool)* [13, 880-б.] – біреудің басын қатыру; *talk somebody's head off* [13, 909-б.] – көп сөйлеп бас қатыру; *trouble one's head about something* – бас қатыру; *break one's head over something* – бірнәрсеге бас қатыру; *bury one's head in one's hands* – бас қатыру; *get (put) somebody (something) out of one's head* – біреуді (бірнәрсені) бастан шығарып тастау; *go out of one's head* – басы қату; *lose one's head* – басы қазандай болу (өзін жоғалту); *have a head* – басы қазандай болу; *hold (keep) one's head above water* [12, 442–448-бб.] – қиындықтан басы қату (қашу);

Бас – биологиялық белгі. Адам дене мүшесінің жоғарыдан төменге қарай орналасуы қарабайыр дүние бейнесінің фразеологиялық фрагментінде адамның іс-әрекет, қимыл-қозғалысының, ішкі сезімінің, көңіл-күйінің жоғары-төмен осьтік құрылымын айқындайды. Адамның тұла бойы «жоғары, ортаңғы және төменгі әлеммен» тығыз байланыс жасап, биологиялық қарым-қатынаста болады. Қазақ тілінде «бастан аяқ», «басынан аяғына шейін (бүге-шігесіне дейін)», «бас-аяғына (тұла бойына) көз жүгіртті (қарады)», «бас-аяғы тұзу» [3, 94–99-бб.] деген фразеологиялық тіркестерге ағылшын тілінде *head or tail* – бастан аяқ; *from head to foot* – басынан аяғына дейін [12, 449-б.]; *yell one's head off/ scream one's head off* [11, 285-б.] – дүниені басына көтеру тіркестері сәйкес келеді. Ал «бас көтеру», «бас айналды», «басы ауырып – басы сыздады», «басы есен» тілімізде екінші мағынада аурудан айығу,

жазылу мағынасында қолданылады. Осы мағына башқұрт және татар тілдерінде де «баш калкыту» түрінде келеді. Аталған фразеологизм түркі тілдерінде адамның паңдануын, көкірек көтеруі, өзін басқалардан жоғары санауы образдылығымен көзге түседі. Мысалы, «Көкірек көтеру» тіркесі татар тілінде башны күтәру, баш калкыту (аякка басу), башны югары (горур) тоту (тотып йөрү), башсыз кеше, башы куккә күтәрелү, баштан аяк карау, баштанаяк күз йөртеп чыгу, баштанаяк фаш итү, баштанаяк чылану, баштанаяк эшкә чуму, баштанаяк ялган, баш ахыры күренми (очы кырые (очы башы) күренми, башынан алып ахырына кадәр, башынан аягына кадәр [9], башқұрт тілінде баш калкыту; баш күтәру; баш калкыту, баштан-аяк карап сығыу; күззән үткәреу, баштан-аяк сумыу, башы-тояғы ғына (калған), башынан азағына саклы, баш һуккан якка китеү. Сол секілді қазақ тіліндегі «бас айналу» тіркесі адамның денсаулығына қатысты айтылумен қатар образды мәнде бір нәрсеге көзсіз қызығу десе, ал татарша – баш әйләнү ұғымда қолданылады.

Қорытынды

Қазіргі кездегі ғылыми зерттеудің антропоцентрилік парадигмасы «тілдегі адам факторын» антропологиялық ұстаным ретінде басшылыққа алды. Осыған орай лингвомәдениет-танымдық бағыттағы зерттеулерде тіл бірліктерін «Адамтану – Тіл – Әлемтану» үштігі аралық күрделі байланыстың табиғатын ашуға жетелейтін «тілдік код» тұрғысынан қарастыру белең алуда. Себебі белгілі бір халықтың дүние-әлемді көруі мен тануы, түсінуі мен түйсінуі де, сонымен қатар мәдени дәстүрлер контексіндегі образдар мен эталондар, стереотиптер мен символдар әлемі тілде көрініс тауып, тіл бірліктерінің мағыналық-мазмұндық астарында аялық білім түрінде бекиді. «Адамтану – Тіл – Әлемтану» арасындағы бұл қатыстылық әсіресе тілдің фразеологиялық қорының мазмұндық өрісінен анық байқалуда. Мұнда әсіресе соматикалық фразеологизмдерді тілдераралық деңгейде салыстыра-салғастыра талдаудың маңызы зор. Соматикалық фразеологизмдердің мағыналық-мазмұндық құрылымында адамның өзін-өзі тануы және өзі арқылы дүниедегі басқа да объектілерді жетік білуге деген талпынысынан туындаған архаикалық білім қоры жинақталады. Сондықтан олардың уәждік негізі, образдық-фондық негізі, мән-мағынасы тіл иесінің дүниені – әлемді түйсінуі мен көруінің, бейнелі қабылдауы мен тануының ұлттық ерекшеліктерін көрсететін мәдени эталондармен, стереотиптермен тығыз байланыста болып келеді.

Түркі фразеологизмдерін зерттеу бірнеше кезеңдерді қамтиды. Оларды былай топтастыруға болады:

1) XX ғасырдың 40–50-жылдарын қамтиды. Түркі фразеологиясы жекелеген түркі тілдерінің фразеологиясының теориялық және қолданбалы мәселелері бойынша көптеген зерттеулер жарық көріп, әрбір түркі тілдерінің фразеологиясы дербес салаға айналды.

2) XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап түркі фразеологиясында салыстырмалы бағыт бойынша зерттеулер қолға алынды.

3) XX ғасырдың 90-жылдарынан түркі фразеологиясында жекелеген түркі тілдері фразеологизмдерін орыс, ағылшын, неміс сияқты болмыс-бітімі, құрылымы бөтен тілдердің фразеологизмдерімен тіларалық деңгейде салғастыруға назар аударылды. Сонымен қатар, осы кезеңнен бастап түркі фразеологиясында лингвистикалық зерттеудің антропоцентристік парадигмасы үстемдік ете бастады.

Әлемдік проблемалардың жаһандануы, мұнда әртүрлі халықтардың сан алуан мәселелерді шешудегі әмбебаптық және өзіндік ерекшелігін ескеру, мәдениетаралық түсініспеушілікке жол беретін жағдаяттардың алдын алу қажеттілігі, коммуникативтік әрекеттің негізінде жататын мәдени құндылықтардың нақты мәнін айқындаудың қажеттілігі лингвомәдениеттану бағытындағы зерттеулердің ерекше тұстарын ашуға түрткі болды. Бұл бағыттағы зерттеулерде негізінен «Табиғат – Қоғам – Тіл», «Қоғам – Тіл – Адам», «Адам – Тіл – Мәдениет» және т.б. триадалардың тағандары арасындағы тығыз байланыстың

табиғатын ашу мәселесі көтеріліп, тіл бірліктері сол тілде сөйлейтін халықтың ғасырлар бойы жинақтаған білім қорына жетелейтін «тілдік және этномәдени код» тұрғысынан зерделіп, ерекше нәтижелер шығарылды.

Адам болмысын, оның ішінде дене бітімі, тұлғасы, ішкі-сыртқы жан дүниесі, сезімі, мінезі, қимыл-қозғалыстыры, мәдени өрісі, білімі, қоғамдағы орны сияқты көзқарастар жүйесін, адамның өмір сүретін кеңістігін игеру барысында жинақталған мол тәжірибе нәтижесі лингвистика саласына, соның ішінде салыстырмалы-салғастырмалы фразеологияда «тілдегі адам бейнесін» зерттеу деген өзекті мәселені енгізді. Тілдегі адам бейнесін сомдайтын тілдік модельдерді, мәтінді құрайтын сөз мағыналарының коннотативтік-эмотивтік және сигнификативтік-пайымдық деңгейлері тоғысынан қарастыру барысында соматологиялық өрістегі адамның «ішкі» және «сыртқы» әлемінің үйлесімінің сыры ашылды. Бас лексемасының ішкі құрылымында «адам болмысын, жаратылысын, ой-санасын «жоғары әлеммен» байланыстыратын құрал» деген семантикалық жүк арқалаған мифологема орын алады. Адам басы «шұңғыл ыдыс», «бір нәрсе жинақталатын орын, қойма», «қазына» сияқты «квазифизиологиялық» қосалқы сипаттамасы бар материалдық «ішкі әлем» органдарының бірі және маңыздысы ретінде көрініс береді.

Түркі тілдері мен ағылшын тілінің фразеологизмдері әртүрлі категориялық деңгейде салыстырылды. Мақалада ұсынылған «бас – жоғарғы әлем, бас – индивид, бас – әлеуметтік ортада, бас – уақыт және бас – биологиялық белгілері» бойынша қолданылған фразеологизмдер түркі тілдері мен ағылшын тілдерінде «бас» сөзінің қолдану жолдары мен мағыналық ерекшеліктерінде ұқсастықтардың өте көп екендігін білдірді. Атап айтқанда, түркі тілдерінің өзара ұқсастықтары олардың өмір сүру үрдісі мен түркі халықтарының ортақ мәдениетіне байланысты деп түйер болсақ, ал туыс емес түркі тілдері мен ағылшын тілінде қолданылған фразеологизмдер арқылы кез келген халықта «бастың» атқаратын қызметі мен функциясының бірдей дәрежеде екендігінің дәлелі. Сонымен қатар, адам баласының жаратылысы, бастың атқаратын қызметі, адам өміріндегі орны оның ұлтына, дініне, жынысына, тіліне байланысты емес екендігі анықталды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ураксин З.Г. Фразеология башкирского языка. – Уфа: Наука, 1975. – 123 с.
2. Авакова Р. Фраземикадағы этнолингвистикалық концепция // Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері. – Алматы: Қазақ университеті баспаханасы, 2013. – 246 б.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.
4. Логан П. Смит. Фразеология английского языка / Перевод А.С. Игнатъева. – М.: Государственное учебно-педагогическое издательство министерства просвещения РСФСР, 1959. – 207 с.
5. Базарова Д.Х. Семантика наименований частей тела и производных от них в тюркских языках: Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Ташкент, 1967. – 22 с.
6. Уызбаева Д.К. Қазақ тіліндегі соматикалық етістікті фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Алматы, 1994. – 21 б.
7. Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные проблемы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
8. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1989. – 196 б.
9. Сафиуллина Ф.С. Татарча-русча фразеологик сүзлек. – Казан: Мәгариф, 2001. – 335 б.
10. Абубакирова З.Г. Соматическая лексика в фразеологии башкирского языка (лингвокультурологический аспект): Дисс. ... канд. филол. наук. – Уфа, 2017. – 186 с.
11. Кеңесбаева Ү. Ағылшынша-қазақша фразеологиялық сөздік. English-Kazakh Dictionary of Idioms. – Астана: Парасат-kz, 2010. – 772 б.
12. Кунин А.В. Англорусский фразеологический словарь. Изд. 3-е. испр., в двух книгах. Книга 1. – М.: Сов. Энциклопедия, 1967. – 1–738 с.

13. Кунин А.В. Англорусский фразеологический словарь. Изд. 3-е. испр., в двух книгах. Книга 2. – М.: Сов. Энциклопедия, 1967. – 738–1265 с.
14. Гуревич В.В., Дозорец Ж.А. Краткий русско-английский фразеологический словарь. – М.: Русский язык, 1988. – 544 с.

REFERENCES

1. Uraksin Z.G. Fraseologia bashkirskogo iazyka [Phraseology of the Bashkir language]. – Ufa: Nauka, 1975. – 123 s. [in Bashkir]
2. Avakova R. Frazemikadagy etnolingvistikalıyq koncepsia [Ethnolinguistic concept in phrasemics]. – Almaty: Qazaq universiteti baspanahasy, 2013. 246 b. [in Kazakh]
3. Kenesbaev I. Qazaq tilinin frazeologialıyq sozdigi [Kazakh language phraseological dictionary]. – Almaty: Gylym, 1977. – 712 b. [in Kazakh]
4. Logan P. Smit. Frazeologiya angliiskogo iazyka [English Phraseology]/ Perevod A.S. Ignatieva. – М.: Gosudarstvennoe uchebno-pedagogicheskoe izdatelstvo ministerstva prosvesheniia RSFSR, 1959. – 207 с. [in Russian]
5. Bazarova D.H. Semantika naimenovaniı chasteı tela i proizvodnyh ot nih v tiurkskih iazykah [Semantics of names of body parts and their derivatives in the Turkic languages]: Avtoref. diss. ... kand. filol. nauk. – Tashkent, 1967. – 22 s. [in Russian]
6. Uyzbaeva D.K. Qazaq tilindegi somatikalıyq etistikti frazeologizmderdin etnolingvistikalik sipaty [Ethnolinguistic character of semantic verb phraseology in the Kazakh language]: filol. gyl. kand. ... diss. avtoref. – Almaty, 1994. – 21 b. [in Kazakh]
7. Qaidarov A.T. Qazaq tilinin ozekti maseleleri [Actual problems of the Kazakh language]. – Almaty: Ana Tili, 1998. 304 b. [in Kazakh]
8. Smagulova G. Magynalas frazeologizmderdin ulttiq-madeni aspectileri [Natural-cultural aspects of the same meaning phraseology]. – Almaty: Gilim, 1998. – 196 b. [in Kazakh]
9. Safiullina F.S. Tatarcha-ruscha frazeologik suzlek [Tatar-Russian phraseology dictionary]. – Kazan: Magarif, 2001. – 335 b. [in Russian and Tatar]
10. Abubakirova Z.G. Somaticheskaiia leksika v frazeologii bashkirskogo iazyka (linguokulturologicheskiy aspect) [Somatic vocabulary in the phraseology of the Bashkir language]: Diss. ... kand. filol. nauk. – Ufa, 2017. – 186 s. [in Russian]
11. Kenesbaeva U. Agilshinsha-qazaqsha frazeologialıyq sozdik [English-Kazakh Dictionary of Idioms] – Astana: Parasat-kz, 2010. – 772 b. [in Kazakh and English]
12. Kunin A.V. Anglo-Ruskiy frazeologicheskiy slovar [English-Russian Dictionary of Idioms]. Izd. 3-e. ispr., v dvuh knigah. Kniga 1. – М.: Sov. Enciklopediya, 1967. – 1–738 s. [in English]
13. Kunin A.V. Anglo-Ruski frazeologicheski slovar [English-Russian Dictionary of Idioms]. Izd. 3-e. ispr., v dvuh knigah. Kniga 2. – М.: Sov. Enciklopediya, 1967. – 738–1265 s. [in English]
14. Gurevich V.V., Dozores J.A. Kratkiy rusko-angliiskiy frazeologicheskiy slovar [Short Russian-English Phraseological Dictionary]. – М.: Russkiy iazyk, 1988. – 544 s. [in Russian and English]